

Май ауданында 2010 жылы кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 19/2 қаулысы.
Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 наурызда N 12-10-93 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 19 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру ережесіне сәйкес және еңбек нарығында жұмыссыздардың қабілетін жоғарлату және жұмыспен қамтуға жәрдем ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен (Р.Ш. Байтлеуов) табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды, өндірісті ұйымдастырудағы, оның ішінде қайта ұйымдастыру кезіндегі өзгеріске және (немесе) жұмыс берушіде жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді (әрі қарай - толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлер), сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру үшін 25 жұмыссыз, оның ішінде 15 жұмыссыз аудан бюджетінен оқытылсын.

2. Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырумен тікелей байланысты шығындар "Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау "101 кіші бағдарламасы, "Еңбекпен қамту бағдарламасы" 002 бағдарламасына сәйкес қаржыландырады.

3. Аудандық қаржы бөлімі (Д.Б. Қалиақпаров) жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру үшін қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 25 ақпандағы "Май ауданында 2009 жылы табысы

аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру туралы" N 56/2 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Қ. Саринге жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Әйткенов